

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СЕРИЯСЫ
1997 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ СЕРИЯ
ИЗДАЕТСЯ С 1997 ГОДА

ISSN 2710-2661

№ 4 (2022)

ПАВЛОДАР

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Педагогическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания
№ KZ03VPY00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

<https://doi.org/10.48081/YWJC7662>

Бас редакторы – главный редактор

Аубакирова Р. Ж.

д.п.н. РФ, к.п.н. РК, профессор

Заместитель главного редактора

Жуматаева Е., *д.п.н., профессор*

Ответственный секретарь

Антикеева С. К., *PhD доктор*

Редакция алкасы – Редакционная коллегия

Магауова А. С.,

д.п.н., профессор

Бекмагамбетова Р. К.,

д.п.н., профессор

Фоминых Н. Ю.,

д.п.н., профессор (Россия)

Снопкова Е. И.,

к.п.н., профессор (Белоруссия)

Костюнина А. А.,

к.п.н., доцент (Республика Алтай)

Оспанова Н. Н.,

к.п.н., доцент

Куанышева Б. Т.

доктор PhD

Омарова А. Р.,

технический редактор

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

FTAMP 14.01.45

<https://doi.org/10.48081/KZWL2389>***А. К. Курманова**

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Астана қ.

ҚАТЫСЫМДЫҚ ЖАТТЫҒУЛАР: ЗЕРТТЕУЛЕР МЕН ОҚУЛЫҚТАРҒА ТАЛДАУ

Бұл мақалада қатысымдық жаттығулардың зерттелуі мен олардың оқулықтарда берілуі қарастырылды. Мақаланың негізгі бөлімінде қатысымдық жаттығулар қарастырылған ғылыми еңбектер тақырыпқа сай зерделеніп, тіл үйренушілердің бір-бірімен қарым-қатынасқа түсіп, пікір алмасуында жаттығулардың қатысымдылығы үлкен рөл атқаратыны, қатысымдық жаттығулардың басты артықшылығы, қатысымдық жаттығулардың алатын орны айқындалды. Зерттеу нысаны ретінде тіл үйретудің А1 деңгейлі оқулықтары алынды. Қазақ, башқұрт тілдерін үйрету оқулықтары бойынша қатысымдық жаттығулар түрлері анықталды. Оқулықтарды талдауда Е. И. Пассовтың қатысымдық жаттығуларды топтастыруы, соның ішінде қатысымдық жаттығуды құрамына, тәсіліне, орындалуына қарай топтауы басшылыққа алынды. Қазақ, башқұрт тілдерін үйретуге бағытталған оқулықтарда қатысымдық жаттығулардың қамтылу деңгейіне салыстырмалы талдау жасалды. Нәтижелері кестелерде көрсетілді. Талдау қорытындылары бойынша қатысымдық жаттығулардың оқулықтарда қамтылуы әлде де біріздендіруді, жүйелеуді қажет ететіндігі анықталды. Жұмысымыздың қорытындылар мен тұжырымдар бөлімдерінде жалпы теориялық және ғылыми міндеттерді шешуге мүмкіндік беретін педагогикалық зерттеудің аналитикалық әдістері қолданылды. Қатысымдық жаттығулар мәселесі бұрыннан зерттелгенімен, ол қазірдің өзінде өзекті мәселенің бірі болып қала береді. Себебі психология мен лингвистикаға байланысты коммуникативті жаттығуларды құрудың жаңа идеялары, ұстанымдары әлі де болса зерттеу, зерделеуді қажет етеді.

Кілтті сөздер: қатысымдық жаттығу, қатысымдық жаттығулар жүйесі, қатысымдық жаттығу түрлері, оқулық, ұстаным.

Кіріспе

Бүгінгі таңда адамзаттың дамуы интеграциялық үдеріске бағытталғаны анық. Қоғамдағы түрлі мәдени, құқықтық, экономикалық, саяси қарым-қатынас жоғары деңгейде тіл игеруді қажет етеді. Қарым-қатынасқа қажетті тілді игерудің біршама ұстанымдары қатысатыны белгілі. Алайда, қолданылып келген тіл үйретудің көптеген әдіс-тәсілдері құзыреттілікке бағытталған оқытудың басты шарттарын толық қанағаттандыра алмағаны байқалады. Сондықтан қазіргі қоғам сұранысын қанағаттандыратын, бұрынғы дәстүрлі әдістемелерден елеулі айырмашылықтары бар, жана ізденістегі оқыту әдістемелерін қолдану қажет. Осы орайда оқыту әдістемесінің өзекті мәселесі ретінде қарастырылып отырған қазақ тілін қатысымдық бағдарлы оқытудың маңыздылығы бірнеше зерттеу еңбектеріміздің нысанына алынып келеді [1, 402]. Зерттеу барысында қазақ тілін қатысымдық бағдарлы оқыту оқытылатын тілдің грамматикасы мен лексикасын игертуді ғана емес, сонымен қатар сол тілде қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыру, ұсынылған тақырып аясында қазақ тілін қарым-қатынас құралы ретінде пайдалануға қажетті дағдыларды игертуді көздейтіндігі, тілді шынайы өмірде қолдануға бейімдеп, нәтижесінде тіл үйренушілер күнделікті тұрмыстағы қарапайым қатынаста қазақ тілінде тиімді сөйлесе алу керек екені дәйектелген болатын [2, 92]. Осы ретте, білім алушыларға алған білімдерімен жұмыс істеуге, оны одан әрі дамытуға және дағдыларын жетілдіру үшін қатысымдық жаттығуларды көбірек қолдануға мүмкіндік беру маңызды екені айқындалып отыр. Қатысымдық жаттығулар тілдік материалды сапалы меңгертудің, қазақ тілінде сөйлесім дағдыларын қалыптастырып, тілдік қатынасты жетілдірудің маңызды шарты ретінде қазақ тілінің қатысымдық сипатынан, оның ұлтаралық қатынаста қолданылатын қоғамдық мәнінен, ресми іс-қағаздарда жұмсалатын әлеуметтік қызметінен көрінеді. Қазақ тілінің ең басты қатысымдық қасиеті – бір ұлт пен екінші ұлт өкілдерінің өзара түсінісуіне, ұғынысуына жол ашу, яғни қарым-қатынас құралы ретінде бүтіндей қоғамға қызмет ету. Себебі тіл – адамдардың бір-бірімен пікір алмасып, қарым-қатынас жасайтын құралы. Бүгінгі күн тәртібінде тұрған осы басты мәселені іске асыру үшін ұлт пен ұлттың түсінісуін қамтамасыз ету жағдайы сапалы іске асырылмаса, оқу нәтижесіз болмақ. Осы талаптар негізінде қазақ тілін жанаша ізденістермен оқыту қажеттілігі туындамақ.

Бүгінгі әлем – ашықтық әлемі, бүгінгі қажеттілік сан салада қарым-қатынас орнатуға бағытталған. Ол қатынас экономика, мәдениет және коммуникацияда ерекше көрінеді. Тығыз қарым-қатынасты тілсіз орнату мүмкін емес, ал қазіргі заман тілді тек объект, нысана ретінде емес,

қажеттілік ретінде меңгерту талабын туындатып отыр. Бүгінгі қоғамдық қажеттіліктің көрінісі болып отырған әлеуметтік-лингвистикалық жағдай тіл үйрету әдістемесінде қолданылатын қатысымдық жаттығуларға баса мән беріп, терең зерттеуді талап етеді. Өйткені қазақ тілін оқыту әдістемесі тарихында қатысымдық жаттығулар осы уақытқа дейін арнайы әрі жүйелі түрде қарастырылмаған мәселелер қатарынан орын алады. Әдістеме теориясы тұрғысынан қатысымдық жаттығулар жүйесі әлі де жеке ғылым нысанасы ретінде талданбаған әрі жаттығу әдіснамасы негізінде қатысымдық жаттығуларды қолданудың әдістемесі әзірленбеген. Тілді оқыту осы кезеңге дейін жүйелілік-құрылымдық тұрғыдан белсенді зерттелген, алайда қазіргі ғылымдағы антропоцентристік парадигмаға сәйкес тілді қатысымдық бағдарлы оқыту назардан тысқары қалған. Сондықтан осы мақалада қарастырылып отырған мәселені ғылыми тұрғыдан зерттеп, зерделеу тақырыптың өзектілігін танытады. Оны жүзеге асыру үшін төмендегідей міндеттер қойылды: қатысымдық жаттығулардың тілді үйретудегі орнын көрсету; қатысымдық жаттығуларды зерттеген ғалымдардың еңбектеріне шолу жасау; олардың ойларын саралай келе, қатысымдық жаттығулар жайлы пікірлеріне талдау жасау; қатысымдық жаттығулардың оқу үдерісіндегі рөлін айқындау; қатысымдық жаттығулардың оқулықтарында қамтылу деңгейіне талдау жасау; жүргізілген зерттеулер негізінде қатысымдық жаттығулардың маңызын дәлелдеу.

Материалдар мен әдістер

Осы мақаланы жазу барысында ең алдымен, қатысымдық жаттығулардың тілді үйретудегі орны қарастырылды. Бұл ретте, тіл үйренушілердің бір-бірімен қарым-қатынасқа түсіп, пікір алмасуында жаттығулардың қатысымдылығы үлкен рөл атқаратыны анықталды. Қатысымдық жаттығулардың басты артықшылығы: – олар бір жағынан жаңа лексикалық бірліктердің формасын жеткілікті түрде игеруді қамтамасыз етеді, ал екінші жағынан лексикалық дағдыларды дамыту (яғни, лексикалық бірлікті барабар және дұрыс пайдалану, оның басқа бірліктермен үйлесуі әрі осы лексикалық бірлікті сөйлеу жағдаяттарында қолдану) тетіктерін қалыптастырады. Әрі ауызша сөйлеу формаларының жалпы жүйесінде ғана қатысымдық жаттығулар алатын орынды анықтауға болады.

Келесі кезекте қатысымдық жаттығулар қарастырылған ғылыми еңбектерге шолу жасалды. Аталмыш мәселені Е. И. Пассов [3], Б. Л. Скалкин [4], Э. Ю. Сосенко [5], Т. А. Рамзина, М. А. Полидва [6], Н. И. Гез [7] сынды әдіскерлер қарастырған. Әдіскер Е. И. Пассов қатысымдық жаттығулардың теориялық негізін анықтауда ой алмасу сөйлеудегі грамматикалық формаларды меңгерудің автоматтандырылған

жоғары дәрежесін білдіреді, грамматикалық дағдыларсыз өз ойларын білдіру мүмкін емес деген тұжырым айтады [3, 6]. Себебі тілді оқытудың мақсаты – тіл үйренушілерге қарым-қатынасқа, қатысымдық іс-әрекетке қатысу мүмкіндігін қамтамасыз ету. Осы орайда, оқытудың негізі іс-әрекеттегі қатысымдық жаттығулар болады. Бұдан, қатысымдық жаттығулар қарым-қатынас үдерісінің нақты қасиеттеріне, оның лингвистикалық және психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес келуі керек деген түйін шығады. Қатысымдық жаттығулар жасауда тілдік белгілердің контекстік-ситуациялық байланысы, сөйлеушінің коммуникативтік міндеті сияқты қасиеттер түбегейлі маңызды болмақ. Өйткені тілдік белгілердің контекстік-ситуациялық байланысында ақпарат алмасу әрдайым қарым-қатынастың нақты жағдайларында жүреді, ақпарат бірлігі тығыз семантикалық қарым-қатынаста болады. Әдіскер В. Л. Скалкиннің қатысымдық жаттығуды қарастыруына келер болсақ, ол қатысымдық жаттығуды сөйлеуді дамытуға арналған жалпы жаттығулар жүйесінде қарастырған. Алдымен жаттығудың екі ішкі жүйесін анықтайды: сөйлеуді және тыңдауды үйрену. Бірінші типті дайындық жаттығуларының бағыты – тілдік материалды мақсатты түрде белсендіру. Нәтижесінде белгілі бір фонетикалық, лексикалық және грамматикалық элементтермен немесе тұтас сөйлемдермен жұмыс істеу дағдысы қалыптасады. Ал екінші типті қатысымдық жаттығулардың мәні – тілдік материалдың реттелмейтін, нақты бағытталмаған белсенділігі. Бұның нәтижесі нақты ауызша байланысқа түсуде ғана көрінеді [4, 18–19]. Э. Ю. Сосенко бастапқы кезеңде сөйлеуге үйрететін коммуникативті дайындық жаттығулар жүйесін құрудың теориялық (лингвистикалық және психологиялық) негіздерін зерттеп, қатысымдық жаттығулар тіл үйренушілердің жеке сөйлеу тәжірибесін арттыруға мүмкіндік беретінін айтса [5], Т. А. Рамзина, М. А. Полидва қатысымдық негізде жаңа зерттелетін құбылысты автоматтандыру жаттығудың негізгі міндеті болып табылады дейді. Осы мақсатта жаттығуларға *растауды, толықтыруды, нақтылауды, теріске шығаруды* білдіретін жауап үнқатымдарын енгізеді. Жаттығулардың реттілігі: *үлгіні ұсыну, еліктеу, өзіндік аналогияны қолдану* сияқты сөйлеу дағдыларын қалыптастыру кезеңдерімен анықталады. Сонымен қатар түрлі сөйлеу жағдайларында зерттелетін грамматикалық форманы дәйекті түрде бірнеше рет тыңдау мен қайталау бұл форманы автоматтандыруға, сөйлеу және тыңдау дағдыларын дамытуға ықпал етеді деген пікір білдіреді [6]. Жалпы қатысымдық жаттығулар жүйесіне толық анықтама берген – әдіскер-ғалым Н. И. Гез. Ол қатысымдық жаттығулар жүйесі тілдік және сөйлеу жаттығуларынан құрастырылуы керек және оларсыз тіл үйренушінің қатысымдық құзыреттілігін дамыту мүмкін емес деп айтқан [7, 31]. Бұдан

қатысымдық жаттығулар – тіл үйренушінің білік пен дағды қалыптастыру жүйелілігін ескере келіп, тілдік және сөйлеу жаттығулары арқылы тіл үйренушінің қатысымдық құзыреттілігін дамытуға бағытталған өзара байланыстағы әрекеттердің ұйымдастырылуын қамтамасыз ететін жаттығу деген қорытынды шығады. «Білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында» өзге тілді білім алушыларға *«қазақ тілінде қойылған сұрақты, қайтарылған жауапты түсіну, қысқа мәтінді тыңдап, түсінігін айту, жауап қайтара алу»* деген талаптар қойылған. Сондықтан қатысымдық жаттығулар жүйесі тілді практикалық деңгейде меңгеруге бағытталуы тиіс. Себебі қатысымдық жаттығулар жүйесі оқыту үдерісінде ерекше рөл атқарады. Ол жүйелі түрде білік пен дағдының қалыптасуын дамытады. Тілдің ерекше тілдік материалын (фонетика, орфоэпия, орфография, лексика т.б.) қолдану үшін тиісті әрекеттер жасау керектігі ескеріледі. Интерференциялық ықпалға ұшырайтын, тілдің өзіне тән ерекшеліктерін, қиындықтарын меңгеруінің, ана тілі тасымалдауы тиімділігінің үдерістерін анықтайды. Жаттығулардың қарапайымнан күрделіге ауысуын жүйелі түрде іске асыруға бейімдейді.

Мақаланы жазу барысында қатысымдық жаттығуларды зерттеген әдіскер-ғалымдардың еңбектеріне шолу жасалды. Осы мақсатта жұмысымызда әртүрлі ақпарат көздері пайдаланылғандықтан, теориялық деректерді зерттеу мен талдау әдістері қолданылды. Бұл әдісті жүзеге асыру үшін тақырыпқа тікелей және жанама қатысты болып келетін әдебиеттерді іріктеп алу, оларға жалпы шолу жасау, зерттеу нысандары мен қарастыратын өзекті мәселелеріне қарай айтқан қорытынды пікірлеріне талдау жасау тәсілдері қолданылды. Ғылыми әдебиеттерге талдау жасау барысында салыстырмалы талдауға басымдық берілді. Нәтижесінде қатысымдық жаттығулар бағытындағы ғылыми әдебиеттердің аз екені анықталды. Бұл мәселе басты зерттеу нысанымыз болғандықтан, талдау нәтижесі қысқаша ғана шолу түрінде ұсынылды. Аталған еңбектерге жүргізілген талдау нәтижесінде қатысымдық жаттығулардың орны мен рөлі айқындалды. Зерттеушілердің барлығы қатысымдық жаттығуларды тілді үйретуде тұғыр ретінде алудың қажеттілігін атап көрсеткені анықталды. Келесі кезекте қатысымдық жаттығулардың тіл үйрету оқулықтарында қамтылу деңгейіне талдау жасалды. Зерттеу жұмысымыздың нысаны ретінде тіл үйретудің А1 деңгейлі оқулықтары алынды. Қазақ, башқұрт тілдерін үйрету оқулықтары бойынша қатысымдық жаттығулар іріктелді, түрлері анықталды. Қатысымдық жаттығулардың оқулықтарында қамтылу деңгейіне талдау жасау мақсатында контент-талдау, статистикалық талдау әдістері қолданылды. Талдау қорытындылары бойынша қатысымдық жаттығулардың

оқулықтарда қамтылуы әлде де біріздендіруді, жүйелеуді қажет ететіндігі айқындалды. Жұмысымыздың қорытындылар мен тұжырымдар бөлімдерінде жалпы теориялық және ғылыми міндеттерді шешуге мүмкіндік беретін педагогикалық зерттеудің аналитикалық әдістері қолданылды. Бұл – педагогикалық зерттеулердің көне әдістерінің бірі. Зерттеу барысында алға қойған мақсат-міндеттерімізге қол жеткізуде аталған әдістерді қолдану өте тиімді болды. Қатысымдық жаттығулардың маңыздылығын айқындауға мүмкіндік берді.

Нәтижелер мен талқылаулар

Кез келген тілді оқыту теориялық білімді іс жүзінде қолдану дағдыларын қалыптастыруды көздейді. Практикалық дағдыларды қалыптастыру үшін мамандар әртүрлі тиімді әдістер мен тәсілдерді қолданады. Бұл ретте практикалық дағдыларды қалыптастырудың алғышарттарын ескеру қажет. Тілді оқытуда практикалық дағдыларды қалыптастыратын табиғи тілдік ортаны құру аса өзекті болады. Практикалық дағдыларды дамытудың тиімді әдістерінің бірі – жаттығулар. Жалпы жаттығу – білім беру үдерісінде қолданылатын оқу материалын әдістемелік ұйымдастырудың құрылымдық бірлігі және дағдыларды қалыптастыру мақсатында белгілі бір әрекеттерді немесе операцияларды білім алушылардың мақсатты, қайталауын қамтамасыз ететін оқыту әдісі. Жаттығудың белгілі бір құрылымы бар, ол тапсырманы қоюдан, оны шешу жолдарын көрсетуден (тіреулер, кілттер, бағдарлар) және бақылаудан тұрады. Е. И. Пассов былай деп жазады: «...жаттығуда әрқашан мақсат болады, оның ерекше ұйымдастырылуы бар және ол әрқашан іс-әрекеттің орындалу тәсілін жақсартуға бағытталған. Ол үшін кем дегенде бір әрекеттің қайталануын қамтамасыз етуі керек» [3,2]. Жаттығулар оқытуда маңызды рөл атқарады. Жаттығулардың тиімділігі көп жағдайда оларды ұйымдастыру мен өткізу әдісіне байланысты. Жаттығулардың саналы бағыттылығы іс-әрекет сапасын арттырудың ең маңызды шарты болады. Жаттығу түрлерінің көптеген классификациялары бар: фонетикалық-орфоэпиялық, грамматикалық, сөздік, белсенді дағдыларды қалыптастыру жаттығулары (И. А. Грузинская); формальды, формальды-мазмұнды, мазмұнды-формальды, мағыналы (П. Б. Гурвич), бастапқы, сөз алды, сөйлеу (И. Д. Салистра); дайындық, біріктірілген (Б. А. Лапидус); сөз алды, сөйлеу (М. С. Ильин), қатысымдық (Е. И. Пассов); табиғи коммуникативті, шартты коммуникативті, коммуникативті емес (С. Ф. Шатилов); тілдік және дайындық (Т. А. Рамсина, М. А. Полидва); құрылымдық-семантикалық, лексика-грамматикалық (З. Күзекова); грамматикалық формула-схемалар (Ш. Қ. Құрманбаева); аспектілі (Н. Ж. Құрманова); сөйлеу үлгісі, үлгіні ауыстыру, кеңейту (М. Г. Усманова). Ең көп таралғаны И. В. Рахмановтың

(1980) классификациясы, онда жаттығулар: а) бағыты бойынша – тілдік және сөйлеу, рецептивті және репродуктивті, аспектілі және кешенді, оқу және табиғи-коммуникативтік, дайындық және бақылау; б) материалдың сипаты бойынша – диалогтік және монологтық сөйлеудегі жаттығулар және т.б.; в) жаттығуларды орындау әдісі бойынша – ауызша және жазбаша, бір тілді және екі тілді, механикалық және шығармашылық, аудиториялық және үйдегі, жеке, жұптық, хормен деп бөлінеді [8, 39–78]. Сонымен қатар оқыту әдістемесінде жаттығулар сөйлеу әрекетінің түріне (тындау, айтылым, оқылым, жазылым), сөйлеу формасына (ауызша сөйлеу, жазбаша сөйлеу) және тіл аспектісіне (фонетикалық, лексикалық, грамматикалық) байланысты да бөлінеді.

Талдау жүргізу үшін біз қоғамдық доменде қолжетімді оқу құралдарын пайдаландық. Атап айтсақ, «Башқұрт тілінің өздігінен оқу құралы» оқулығы Р. К. Вахитов, Ф. С. Искужин, Г. Д. Ибрагимов, Е. Ф. Рахимов, Р. Т. Фазлытдинов [9]; М. Ф. Усмановтың «Башқұрт тілін үйрену» интенсивті курсы [10], «Қазақ тілі: Бастапқы ақша (А1)» оқулығы З. Күзекөв, Б. Ақбузауова [11], «Қазақ тілі – шет тілі ретінде. Базалық ақша» 1-кітап Г. Мұсаева [12]. Мақсат оқулықтарда қатысымдық жаттығулардың қаншалықты қамтылғанын анықтау болды. Осы орайда, Е. И. Пассов классификациясы бойынша оқулықтардағы жаттығулар талданды [1, 14–22]. Әдіскер қатысымдық жаттығуларды: құрамына, тәсіліне, орындалуына қарай үш топқа бөледі. Құрамына сәйкес қатысымдық жаттығулар: екі мүшелі, үш мүшелі, кеңейтілген (жайылма), кешенді, тақырыптық болып бөлінеді. Тәсілі бойынша қатысымдық жаттығулар: еліктеу (келтіру, ұқсату), көшіру (қойылымдық), алмастыру, репродуктивті (өнімді, нәтижелі). Орындалуы бойынша қатысымдық жаттығулар: сұраулық (сұрақ-жауап), болымдылық (тізбектеу, анықтау), болымсыздық (жоққа шығару), бұйрық мәнді (ынталандыру). Талданған оқулықтардағы жаттығулардың пайыздық үлесін көру үшін төмендегі суретке назар аударайық.



Сурет 1 – Құрамы бойынша қатысымдық жаттығулар

Оқулықтарды сараптау қорытындысы бойынша екі мүшелі, кеңейтілген (жайылма), кешенді, тақырыптық жаттығулар көбірек қолданылатыны анықталды. Авторлар бұл жаттығуларды тілді үйретуде тиімді деп санайды. Сонымен қатар, екі мүшелі жаттығулардың кеңейтілген (жайылма) жаттығуларға айналатынын байқадық. Мұндай жаттығулар оқушыға автоматтандырылған грамматикалық форманы қатарынан бірнеше рет қайталауға мүмкіндік береді, бұл өте тиімді.



Сурет 2 –Тәсілі бойынша қатысымдық жаттығулар

Берілген сызбадан еліктеу (келтіру, ұқсату), көшіру (қойылымдық), алмастыру жаттығуларының көбірек қолданылғанын көреміз. Олар қатысымдық жаттығулардың ұстанымдарына негізделген. Бірінші сөйлеушінің коммуникативтік тапсырмасына еліктеу ұстанымы. Екіншісі – грамматикалық формаларды ассимиляциялаудағы ұқсастық ұстанымы.

өз бетімен ізденушіліктері пайда болады, себебі олар еске түсіру, ойлау сияқты жеке қабілеттеріне сүйенеді. Айта кететін бір жайт, қатысымдық жаттығулар мәселесі бұрыннан зерттелгенімен, ол қазірдің өзінде өзекті болып қала береді. Себебі психология мен лингвистикаға байланысты коммуникативті жаттығуларды құрудың жаңа идеялары, ұстанымдары бар. Сондықтан қатысымдық жаттығуларды одан әрі педагогикалық іс-әрекетімізде қолдану мақсатында тереңірек білу үшін біз теориялық және практикалық материалды талдадық.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Курманова, А. К., Курманбаева Ш. К. Қатысымдық бағдарлы оқыту мәселесінің зерттелуі [Текст] // Торайғыров университетінің хабаршысы. Педагогикалық сериясы. № 1 (2022). – Павлодар, 2022. – Б. 400–412. <https://doi.org/10.48081/JUAP1704>.

2 Курманова, А. К. Білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың тиімді әдістері [Текст] // Ш.Уәлиханов атындағы КУ хабаршысы. Филология сериясы. № 2. – Көкшетау, 2022. – Б. 91–101.

3 Пассов, Е. И. Коммуникативные упражнения (на материале немецкого языка) [Текст]. – М. : Просвещения, 1967. – 97 с.

4 Скалкин, В. Л. Коммуникативные упражнения на английском языке [Текст]. – М. : Просвещение, 1983. – 128 с.

5 Сосенко, Э. Ю. Коммуникативные подготовительные упражнения (При обучении говорению на начальном этапе) [Текст]. – М. : Русский язык, 1979. – 140 с.

6 Рамзина, Т. А., Полидва, М. А. Коммуникативные упражнения. Изд. 3-е, перераб., доп. [Текст] – М. : Русский язык, 1989. – 179 с.

7 Гез, Н. И. Система упражнений и последовательность развития речевых умений и навыков [Текст] // Иностранные языки в школе, 1969. – № 6.

8 Рахманов, И. В. Основы теории упражнений по иноязычному языку [Текст]. – М. : «Педагогика», –1975, – 111 с.

9 Вахитова, Р. К., Искужина, Ф. С., Ибрагимова, Г. Д., Рахимова, Э. Ф., Фазлытдинова, Р. Т. Самоучитель башкирского языка. Учебное пособие [Текст]. – Уфа : Гилем, 2009. – 159 с.

10 Усманова, М. Г. Изучаем башкирский язык. Интенсивного курса обучения [Текст]. – Уфа : Китап, 2011. – 240 с.

11 Күзекова, З., Ақбұзауова, Б. Қазақ тілі : Бастапқы деңгей (А1) : Оқу құралы [Текст]. – Астана, 2018. – 122 б.

12 **Мұсаева, Г.** Қазақ тілі – шет тілі ретінде. Базалық деңгей : Оқу құралы. 1-кітап [Текст]. – Астана : Ш. Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы, 2015. – 242 б.

REFERENCES

1 **Kurmanova, A. K., Kurmanbaeva Sh. K.** Katysymdyk bagdarly okytu maselesinin zerttelui [Research of the problem of communicative orientation of learning] [Text] //Torajgyrov universitetinin habarshysy. Pedagogikalyk seriyasy. № 1 (2022). – Pavlodar, 2022. – P. 400–412. – <https://doi.org/10.48081/JUAP1704>

2 **Kurmanova, A. K.** Bilim alushylardyn kommunikativtik kuzyrettiligin kalypstastyrudyn tiimdi adisteri [Effective methods of student communicative competence formation] [Text] // Sh. Ualihanov atyndagy KU habarshysy. Filologiya seriyasy. № 2. – Kokshetau, 2022. – P. 91–101.

3 **Passov, E. I.** Kommunikativnye uprazhneniya (na materiale nemeckogo yazyka) [Communication exercises (based on the material of the German language)] [Text]. – Moscow : Prosveshcheniya, 1967. – 97 p.

4 **Skalkin, V. L.** Kommunikativnye uprazhneniya na anglijskom yazyke [Communication exercises in English] [Text]. – Moscow : Prosveshchenie, 1983. – 128 p.

5 **Sosenko, E. Yu.** Kommunikativnye podgotovitel'nye uprazhneniya (Pri obuchenii govoreniiyu na nachal'nom etape). [Communicative preparatory exercises (When teaching speaking at the initial stage).] [Text]. – Moscow : Russkii yazyk, 1979. – 140 p.

6 **Ramsina, T. A., Polidva, M. A.** Kommunikativnye uprazhneniya. Izd. 3-e, pererab., dop. [Communicative exercises. Ed. 3rd, reprint, add.] [Text]. – Moscow : Russkii yazyk, 1989. – 179 p.

7 **Gez, N. I.** Sistema uprazhneniji i posledovatel'nost' razvitiya rechevyh umenii i navykov [The system of exercises and the sequence of development of speech skills and abilities] [Text] // Inostrannye yazyki v shkole. 1969. – № 6.

8 **Rahmanov, I. V.** Osnovy teorii uprazhnenii po onostrannomu yazyku [Fundamentals of the theory of exercises in foreign language.] [Text]. – Moscow : «Pedagogika», 1975. – 111 p.

9 **Vahitova, R. K., Iskuzhina, F. S., Ibragimova, G. D., Rahimova, E. F., Fazlytdinova, R. T.** Samouchitel' bashkirskogo yazyka. Uchebnoe posobie [A self-help guide of the Bashkir language. Study guide.] [Text]. – Ufa : Gilem, 2009. – 159 p.

10 **Usmanova, M. G.** Izuchaem bashkirskii yazyk. Intensivnogo kurs obucheniya [We study the Bashkir language. Intensive course of study.] [Text]. – Ufa : Kitap, 2011. – 240 p.

11 **Kuzekova, Z., Akbuzauova, B.** Kazak tili: Bastapky dengei (A1): Oku kuraly. [Kazakh language: entry level (A1): manual] [Text]. – Astana, 2018. – 122 p.

12 **Musaeva, G.** Kazak tili – shet tili retinde. Bazalyk dengei : Oku kuraly. 1-kitap. [Kazakh as a foreign language. Basic level : training manual. Book 1.] [Text]. – Astana : SH.Shayahmetov atyndagy tilderdi damytudyn respublikalyk uilestiru-adistemelik ortalgy, 2015. – 242 p.

Материал 14.12.22 баспаға түсті.

**А. К. Курманова*

Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева,
Республика Казахстан, г. Астана.

Материал поступил в редакцию 14.12.22.

КОММУНИКАТИВНЫЕ УПРАЖНЕНИЯ: АНАЛИЗ ИССЛЕДОВАНИЙ И УЧЕБНИКОВ

В этой статье рассматривается изучение коммуникативных упражнений и их представление в учебниках. В основной части статьи проанализированы научные работы, посвященные данным упражнениям, которые сгруппированы по тематическому принципу, названы их основные преимущества, определено место коммуникативных упражнений в системе обучения языкам. В качестве объекта исследования были взяты учебники по обучению казахскому и башкирскому языками уровня А1. При анализе учебников мы руководствовались классификацией коммуникативных упражнений Е. И. Пассова, взяв за основу следующие критерии: состав, способ выполнения, целевую установку. Произведен сравнительный анализ уровня включения коммуникативных упражнений в названные учебники, результаты представлены в таблицах. Анализ показал, что предложенные в учебниках упражнения все еще нуждаются в унификации и систематизации. При исследовании были использованы аналитические методы, позволяющие решать общетеоретические и научные задачи. Проблема использования коммуникативных упражнений в обучении языкам остается одной из самых актуальных

в наше время, так как появившиеся новые идеи и положения для создания этих упражнений, связанных с психологией и лингвистикой, еще требуют исследования и доработки.

Ключевые слова: коммуникативные упражнения, система коммуникативных упражнений, виды коммуникативных упражнений, учебник, принцип.

**А. К. Kurmanova*

L. N. Gumilyov Eurasian National University,
Republic of Kazakhstan, Astana.
Material received on 14.12.22.

COMMUNICATION EXERCISES: ANALYSIS OF RESEARCHES AND TEXTBOOKS

This article discusses the study of communicative exercises and their presentation in textbooks. The authors analyzed scientific works devoted to communicative exercises, being grouped according to the thematic principle; determine their advantages and place in the language teaching system. The object of the study is textbooks on teaching the Kazakh and Bashkir languages of level A1. When analyzing the textbooks the authors applied the classification of communicative exercises by E. I. Passov, taking as a basis the following criteria: composition, method, target setting. The authors carried out a comparative analysis of the quantity of communicative exercises in these textbooks. The results are presented in tables. The analysis showed that the exercises need to be unified and systematized. To solve general theoretical and scientific problems the authors applied analytical methods. The problem of using communicative exercises in teaching languages remains one of the most relevant, since new ideas and provisions for creating these exercises related to psychology and linguistics still need to be researched and improved.

Keywords: communicative exercises, system of communicative exercises, types of communicative exercises, textbook, principle.

Теруге 14.12.2022 ж. жіберілді. Басуға 30.12.2022 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

3,79 Мб RAM

Шартты баспа табағы 25,2.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. С. Исакова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 3997

Сдано в набор 14.12.2022 г. Подписано в печать 30.12.2022 г.

Электронное издание

3,79 Мб RAM

Усл.п.л. 25,2. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. С. Исакова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 3997

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.pedagogic-vestnik.tou.edu.kz